

**Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева  
Факультет журналистики и политологии  
Кафедра политологии**

**МӘНГІЛІК ЕЛ – ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ  
ЕДИНСТВО, МИР И СОГЛАСИЕ**

-----

*Материалы - Международной  
научно-практической конференции  
(г. Астана, 2017г.)*

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

М 36

**Ответственный научный редактор Нечаева Е.Л.**

К.п.н., профессор

**Редакционная коллегия:**

**Копежанова Д.Е., Дюсембекова М.К., Жанпейсова Қ.Д.**

Мәңгілік Ел – Общенациональное единство, мир и согласие: сбор.матер. VI-  
Межд. науч.-прак. конф.– Астана, ТОО Мастер По, 2017.- 174 с.

ISBN 978-601-301-928-4

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов казахстанских и зарубежных вузов.

В нем рассматриваются ключевые аспекты социальных и политических процессов Евразийской интеграции, социально-коммуникативные технологии и инновационные процессы в обществе.

В материалах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

*Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение Закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций и научные руководители.*

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

ISBN 978-601-301-928-4

**© Кафедра политологии  
ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 2017**

**Болатұлы Н.  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
«Саясаттану» мамандығының 4 курс студенті  
г. Астана, Қазақстан**  
(Ғылыми жетекші: т.ғ.к., профессор М.Т. Илипов)

## **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТРАНСПАРЕНТТІЛІК ПРОБЛЕМАСЫ: САЯСАТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ**

Қазақстанда соңғы онжылдықта көптеген реформаларды және атқарушы биліктің ұйымдастыру принциптерін қайта қарастыру байқалуда. Атқарушы биліктің қоғаммен өзара әрекетіне барынша назар аударылуда және оның ашықтық дәрежесін арттыру қажеттілігін түсіну артып келеді. Осыған байланысты қазіргі Қазақстандағы азаматтық қоғамды және демократиялық нормалар мен институттарды орнықты дамыту қажеттілігі контекстінде транспаренттілік мәселесін зерттеудің маңызы артып келеді.

Атқарушы биліктің транспаренттілігін зерттеудің өзектілігі ең алдымен, факторлардың бес тобымен байланыстыруға болады. Біріншісі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен, екіншісі – халықаралық қауымдастықтың талаптарымен, үшіншісі – елдегі саяси үрдістердің дамуындағы ішкі талаптарына, төртіншісі – саяси кеңістіктің жаһандануымен, бесіншісі – азаматтық қоғамды демократияландыру қажеттілігімен байланысты. Қазіргі Қазақстандағы сақталып отырған жаңа жағдайларда атқарушы биліктің тым жабық болуы және оның қоғамнан айтарлықтай дәрежеде алшақтауы елдегі азаматтық қоғамның орнықты дамуын белгілі бір деңгейде тежелуіне және мемлекеттік басқарудың тиімділігінің төмендеуіне себеп болып отыр.

Мәселенің практикалық жағы мынада – Қазақстан қоғамы ҚР заңнамасында қарастырылған азаматтардың: ақпаратты еркін іздеу, алу, беру, шығару және кез келген заңды тәсілмен тарату құқығы сияқты құқықтарын жүзеге асыруға дайындығының жеткіліксіздігінде. Транспаренттілікті қамтамасыз етудің пәрменді механизмдерінің, және де атқарушы билік институттарымен ашық өзара әрекеттесудің дәстүрлері мен тәжірибесінің жоқтығынан, Қазақстан азаматтары ұсынылған құқықтарды қолдана бермейді. Өз тарапынан, атқарушы билік органдары да халықпен тиісті түрде өзара әрекеттесуге толығымен дайын емес болып шықты. Нәтижесінде азаматтар саяси манипуляциялаудың объектісіне айналып жатады. Бұл азаматтық қоғамның орнықты дамуы мен демократияның даму үрдістерін тежемей қоймайды.

Сонымен қатар, атқарушы биліктің ашықтық мәселесі отандық әдебиеттерде Батыстағыдай терең және жан-жақты зерттелмеген. Қазақстандағы реформалардың практикасы көрсеткендей, шет елдік эмпирикалық материалдарда және басқа әлеуметтік-тарихи жағдайларда

туындайтын теориялық құрастырмалар мен ұйымдық формалар Қазақстанда қолдануға икемсіз, жарамсыз болып шықты. Осының барлығы авторды осы мәлімделген тақырыпты зерттеуге итермеледі.

Қазіргі Қазақстанның қоғамдық-саяси жүйесіндегі транспаренттіліктің рөлін арттыру ХХІ ғасырда дами бастаған бірқатар қоғамдық үрдістерден туындады. Мұндай үрдістерге, ең алдымен жататындар:

**1. Саяси кеңістіктің жаһандануы.** Transparency International халықаралық ұйымының Малайзиялық бөлімінің төрағасы Т.Азиздің сөздеріне қарағанда, «қоғамның және экономиканың жаһандануы біздің қолдануға қабылдаған ережелердің өзгеруін білдіреді. Біз бұрынғыға қарағанда көбірек айқындықты, ашықтықты және жауапкершілікті талап ететін жаңа жаһандық ережелерді ұстанамыз, не болмаса бұл үрдістің бақылаушысы болып қала береміз» [1].

**2. Ақпараттық қоғамның қалыптасуы және электрондық БАҚ-тың дамуы.** Теле, радио коммуникациялардың дамуымен ақпарат алмасу мүмкіндіктері кеңейді. Бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі қызметі азаматтарды мемлекеттік билік органдарының қызметі туралы хабардар ету және керісінше азаматтардан алынған ақпараттарды билік органдарына беру болып табылады.

**3. Бұқаралық ой-сананың либералдануы.** Бұқаралық ой-санада либералдық идеологияның және демократиялық құндылықтарының біртіндеп бекуімен азаматтар жеке адамның еркіндігінің, азаматтық және саяси құқықтардың, барлық адамдардың заң алдындағы теңдігінің, саяси плюрализмнің және халық билігінің идеалдарын көбірек меңгере бастады. Еркін адамды басқару ерекше шеберлікті қажет етеді: оның мүддесі жоқ әрекеттерді жасауға оны итермелей білу қажет, және мұнымен қатар оның өз таңдауының еркіндігін, ол жасаған әрекеттердің шынайылық сезімін сақтап қалу керек [2]. Заманауи демократиялық режимдердің ерекшелігі болып жаппай халыққа әсер етудің ерекше түрлері мен тәсілдерін қалыптастыру және практикаға енгізу болып табылады.

**4. Қоғамды демократияландыру,** билікті бөлу ұстанымының бекітілуі, негізгі мемлекеттік органдардың сайланушылығы, барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігі, адам құқықтарының мемлекет құқықтарынан басымдығы, көппартиялық және т.б. Жалпыға ортақ сайлау құқығын енгізу көптеген адамдардың саяси сайлауға қатысуына және өзінің саяси еркін белсенді білдіруге мүмкіндік берді. Осының салдары билік тарапынан зорлық-зомбылық пен күштеу мүмкіндігінің азаюы болып табылады.

**5. Саяси партияларды, қоғамдық ұйымдарды, мүдделі топтарды дербес белсенді билік субъектілеріне айналдыру.** Олардың белсенді саяси рөл атқаруға ұмтылыстары халықтың мүддесін жалпы мемлекеттік деңгейде білдіруге және қорғауға мүмкіндік береді [3]. Соның салдары ретінде, азаматтардың саяси шешімдерді әзірлеуге, қабылдауға және олардың орындалуын бақылауға қол жеткізуі.

Жаһандану жағдайында азаматтық қоғамның орнықты дамуындағы транспаренттіліктің рөлі әрбір бағытталған саяси жүйеде өте айрықша түрде дерлік байқалады:

1) ұлттық қауіпсіздік жүйесінің қалыптасуында;

2) ұлттық экономикалық саясаттың күшеюінде;

3) жемқорлықпен күресуде. Осы салалардағы транспаренттіліктің байқалу ерекшеліктерін нақтырақ қарастыруды қажет етеді, өйткені дәл солар сарапшылардың (мысалы, Бүкіләлемдік банктің) бағалауы бойынша транспарентті атқарушы биліктің қалыптасуы тұрғысынан әлемнің барлық дерлік мемлекеттерінде күрделі мәселе болып табылады [4].

**1-кесте. Атқарушы биліктің транспаренттілігінің рөлін жоғарылатудағы әлеуметтік-саяси алғышарттары.**

Үрдістер	Билік жүйесінде икемделуі және қайшылықтары	Нәтиже
Ақпараттық қоғамның қалыптасуы және электрондық БАҚ-тың дамуы	Атқарушы билік органдарының есептік ақпараттарын қалыптастыру қажеттілігі	<b>Атқарушы биліктің транспаренттілік рөлінің жоғарылауы</b>
ТҰК-лардың (Трансұлттық корпорация) қалыптасуы	Ақпараттық кеңістіктің кеңейтілу қажеттілігі	
Мәдени алмасу	Мәдени байланыстардың даму қажеттілігі	
Қауіпсіздікті (ұлттық, қоғамдық, жеке және т.б.) қамтамасыз етудің өсуі	Ақпаратпен қамтамасыз етуді нығайту қажеттілігі	
Саяси режимнің трансформациялануы	Легитимді саяси режимді таңдау қажеттілігі	
Қоғамның саяси өміріндегі азаматтардың рөлінің өзгеруі	Азаматтардың саяси қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажеттілігі	
Бұқаралық сананың ой-либералдануы	Саяси басқаруда азаматтарды тікелей күштеу мен мәжбүрлеуді шектеу қажеттілігі	

<p><b>Қоғамды демократияландыру</b></p>	<p>→ Қоғаммен қарым-қатынаста әдістер мен тәсілдерді өзгерту қажеттілігі</p>	
<p><b>Саяси партияларды, қоғамдық ұйымдарды, мүдделі топтарды дербес белсенді билік субъектілеріне айналдыру</b></p>	<p>→ Атқарушы биліктің жалпы тиімділігін және әлеуметтік жауапкершілігін жоғарылату қажеттілігі</p>	

Атқарушы биліктің транспаренттілігі тақырыбының контекстінде, біздің пікірімізше, азаматтық қоғамның келесі сипаттамаларын ерекшелеу маңызды:

1) ол қоғамдық-саяси биліктің орталығы болып табылатын әлеуметтік топтардың жиынтығы болып табылады;

2) азаматтық қоғамға кіретін әрбір қауымдастық, мемлекеттен толық немесе жартылай автономияға ұмтылады;

3) егер қоғамдық өмірдің саяси және әлеуметтік салалары бір бірінен бөлек болса ғана азаматтық қоғамның болуы туралы айтуға болады. Мемлекет басымдық бойынша саяси мәселелерді шешеді, ал азаматтық қоғам адамдардың жеке өмірі өтіп жатқан орта болып табылады. Адамдардың қоғамдық-саяси мүдделерін әдетте партиялар мен қоғамдық ұйымдар білдіреді;

4) азаматтық қоғам адамдардың негізгі адамгершілік ізгіліктерін қалыптастырады, өркениетті жүріс-тұрыстың және әлеуметтік жауапкершіліктің қалыптасуына ықпал етеді;


5) азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы бөліну қоғамдық өмірді ұйымдастырудағы қатаңдық сипатымен өтпейді, ұйымдастырылатын әлеуметтік кеңістіктің көлемі бойынша өтеді: мемлекет өзінің әсерімен ресми түрде бүкіл қоғамды қамтиды, ал азаматтық қоғам жергілікті, азын-аулақ мүдделерді білдіреді.

Мемлекет пен азаматтық қоғам бір-бірімен ашықтық және жариялық ұстанымында ынтымақтасатын үлгі, ең оңтайлысы деп саналады, бірақ оның әрекеттілігінің шарты болып жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың мүдделері мен құндылық түсініктерінің салыстырмалы түрде біртекті болуы қажет.

Транспаренттілік мемлекеттік, мемлекеттік емес, «жартылай мемлекеттік» және «қоғам мен мемлекет арасындағы делдал» институттардың келісімін қамтамасыз етеді [5]. Мұндай «аралық» институттарға партияларды, қоғамдық қозғалыстарды және ұйымдарды, мемлекеттік білім беру

мекемелерін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын және т.б. жатқызуға болады.

**1-сурет. Азаматтық қоғамның орнықты дамуындағы  
транспаренттіліктің рөлі.**



Атқарушы билік органдарының қызметтері туралы ақпаратқа азаматтардың қол жеткізуінің терең тарихи тамыры, саяси контексті бар және азаматтардың негізгі либералдық құқықтарының (сөз, ойлау, баспа еркіндігі және т.б.) туындауымен байланысқан. Сонымен қатар ақпаратқа қол жеткізу құқығы конституционализм дамуының жаңа кезеңінде дербес дамуға ие болды және саяси тұрғыдан өзінің туыстас либералдық құқықтарынан айтарлықтай ерекшеленеді [6].

Егер ойлау, сөйлеу, баспа құқықтары олардың жүзеге асуына мемлекеттің араласпауын талап ететін болса, онда билік органдарының ақпараттарына қол жеткізу туралы ынтымақтастықты, мемлекет пен азаматтардың тілдесуін көздейді, мұнда мемлекет азаматтардың өз құқықтарын пайдалануына жағдай жасауды қамтамасыз ететін белсенді қатысушы ретінде әрекет жасайды.

**4-сурет. Транспаренттіліктің қалыптасу процесі.**



Әртүрлі тарихи кезеңдерде, әртүрлі мемлекеттерде билік органдарының ақпараттарына қол жеткізу құқығын дәйектеу саяси контекстке ие болды, ал зерттеулер идеологияландырылған болды. Оның ең жарқын мысалдарының бірі – америкалық «ақпараттың еркін ағыны» концепциясына және француздың «коммуникацияға құқық» концепциясына қарама-қарсы Кеңес Одағында әзірленген «халықтар мен ұлттардың ақпаратқа құқықтары» концепциясы [7].

Азаматтардың ақпаратқа қол жеткізуі азаматтардың атқарушы билік субъектілерімен азаматтың мүддесінің мәні жөнінде тілдесу мүмкіндігін көздейді. Мұндай өзара әрекеттесудің бастамашысы ретінде азаматтар да, билік органдары да бола алады. Осы құқықты жүзеге асыру міндеті жалпы алғанда ақпараттық қоғамның дамуына емес, нақты түрде – атқарушы биліктегі жабықтық және бюрократизмді еңсеруге, оның транспаренттілігін арттыруға байланысты [8].

Саясаттануда азаматтардың билік органдары ақпараттарына қол жеткізуін кешенді құқық ретінде емес, атқарушы биліктің транспаренттілігі, билік органдарының жариялылығы контекстінде қарастырады. Сонымен қатар транспаренттілік өзінің негізінде биліктің аса ашық болмайтындығын көздейді. Бұл азаматтардың билік органдарының ақпараттарына қол жеткізуін шектейді [9].

Мәлімдігі жабықтығына қарағанда азаматтардың мүдделеріне анағұрлым үлкен зиян келтіре алатын ақпаратқа ғана (мемлекеттік құпия, қызметтік құпия) шектеулер қолданылады. Транспаренттілік шектері атқарушы билік субъектілері қызметінің ашықтық ережесінен айрықша жағдай түрінде және заңға сәйкес мемлекеттік немесе қызметтік құпияны құрайтын ақпарат түрлерінің нақты тізімдеріне қатысты ғана белгіленеді.

Қорытындылай келе, транспаренттіліктің шет елдік және отандық практикасын саралау Қазақстандағы атқарушы биліктің транспаренттілігін дамыту жөніндегі нақты ұсыныстарды айтуға мүмкіндік береді. Біздің пікірімізше, транспаренттілікті қамтамасыз етуге арналған заманауи ақпараттық технологияларды пайдаланудың құқықтық мүмкіндіктерін орнату қажет.

Ғаламтор желісі жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өзара қарым-қатынастарындағы жаңа қолжетімді орта болуы тиіс. Бұл үшін Ғаламторда мемлекеттік органдардың қызметі туралы ақпараттарды жариялауға арналған, биліктің барлық тармақтары мен деңгейлерінің сайттары жасалған болуы тиіс.

Ресми түрде сайттар қазіргі кезде де бар, бірақ қозғалып отырған мәселе – алдымен қабылданған шешімдер, олардың себептері және дәйектері туралы, және де олардың орындалуы туралы; сәйкес органның заң жобаларының мәтіндері, отырыстардағы (сессиялардағы) дауыс беру нәтижелері туралы ақпараттардың ашықтығында.



**Әдебиеттер:**

1. Transparency International Malaysia. <http://transparency.org.my>
2. Black A. Guilds and Civil Society in European political thought from the 12-th Century to the Present. Ithaca,- N. Y., 1984.
3. Thomas Risse, "Let's Argue!: Communicative Action In World Politics," International Organization 54,2000, P. 1-39. For a specific example, see Rodger A. Payne, «Deliberating Global Environmental Politics,» Journal of Peace Research 33 (May 1996), P.129-136.
4. Neta Crawford, Postmodern Ethical Conditions and a Critical Response. Ethics & International Affairs 12 (1998), P.138. See also Crawford, «Decolonization as an international norm: the evolution of practices, arguments and beliefs,» In Emerging Norms of Justified Intervention, ed. by Laura Reed, Carl Kaysen (Cambridge, MA: American Academy of Arts and Sciences, 1993), P.37-61.
5. Both Bohman and Nayef Samhat have similarly pointed toward the promise of international regimes as cites for deliberation. See Bohman, 1999, pp. 506-7; and Nayef H. Samhat, «International Regimes as Political Community» Millennium: Journal of International Studies 26,1997, P. 364.
6. Thomas Risse, "Let's Argue!: Communicative Action In World Politics," International Organization 54,2000, P. 14-5.
7. Marc Lynch, «The Dialogue of Civilisations and International Public Spheres,» Millennium: Journal of International Studies, 29 (Summer 2000), p. 330. In a separate empirical work. Lynchfindsthat Jordanian foreign policy in the 1990s was shaped by discussion in multiple public spheres. Lynch, 1999. State Interests and Public Spheres, The International Politics of Jordan's Identity. NY: Columbia University Press. P.329.43.
8. Kenneth Waltz, Theory Of International Politics, 1979, P.72.
9. Robert O. Keohane and Joseph S. Nye, Transnational Relations and World Politics. Cambridge. 1972. P.26.

**Бюлегенова Б.Б.**  
**Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ**  
**саяси ғылымдарының кандидаты, доцент**  
**Астана қ., Қазақстан**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭТНОСАЯСИ ПРОЦЕСС  
ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ**

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары ел аумағында Қазақстан азаматтығына ие болған этнос өкілдерінің өзара тату-тәтті өмір сүріп, ортақ бір тудың астында бас қосып, бейбіт өмір кешуінің алғышарты – ел этносаясатын тұрақтыландырып, экономикасының еңсесін көтеріп, тұрғын халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, олардың конституциялық құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету. Көп ұлтты